

Қазақстан Республикасынан тауарларды экспортқа шығару тәртібін оңайлату және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 желтоқсан N 1492 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен (P050124)

1996-1998 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің реформаларды тереңдету жөніндегі іс-қимыл бағдарламасына сәйкес өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы өнімдері экспортын тұрақтандыру және сыртқы экономикалық қызметтің нормативтерін Дүниежүзілік сауда ұйымының принциптеріне және нормаларына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Республикалық Баға комиссиясы таратылсын.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бір ай мерзімде тауар өндірушілердің мүдделерін қорғайтын Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің ерікті ассоциациясын (одағын) құру үшін жағдай жасау жөніндегі шараларды әзірлесін.

3. Жүзеге асырылған экспорттық контрактілердің ішінара тәуелсіз инспекциясы 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін күшін сақтайды деп белгіленсін.

4. "Қазақстан Республикасынан экспортталатын тауарлардың жөнелту алдындағы тәуелсіз инспекциясы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 мамырдағы N 654 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 25, 209-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

4-тармақтың бесінші абзацындағы "3 жыл" деген сөздер "1 жыл" деген сөздер мен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

7-тармақтың үшінші абзацындағы "және одан кейінгі жылдар" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

"Жөнелту алдындағы тәуелсіз инспекция жүргізілетін Қазақстан Республикасынан экспортталатын тауарлардың тізбесі" деген 4-қосымшаға осы қаулыға берілген қосымшаға сәйкес толықтырулар енгізілсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақтың 4 абзацының күші тоқтатылды - ҚР Пр-нің 1996.12.31. N 3309 жарлығымен .

5. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті мен Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік салық комитеті экспорттық контрактілерге тәуелсіз инспекциялар белгілеген бағалармен салыстырғанда төмендетілген баға табылған жағдайда Қазақстан Республикасының кеден және салық заңдарында көзделген салық салынатын табысты түзету жөнінде шаралар қолдансын.

6. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті 1997 жылдың 1 қаңтарына дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының жүзеге асырылған экспорттық контрактілердің ішінара тәуелсіз инспекциясын ұйымдастыру жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы өткізген тендердің жеңімпазымен жүзеге асырылған экспорттық контрактілердің ішінара тәуелсіз инспекциясын өткізу жөнінде бірлескен іс-қимыл туралы шартқа қол қойсын.

7. Қазақстан Республикасының жүзеге асырылған экспорттық контрактілердің ішінара тәуелсіз инспекциясын ұйымдастыру жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы 1996 жылдың 25 желтоқсанына дейінгі мерзімде ішінара тәуелсіз инспекция жүргізілетін тауарларға экспорттық баға айқындау әдістемесін бекітсін.

8. "Биржалық тауарлардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 шілдедегі N 1035 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 26, 302-құжат) күші жойылған деп танылсын. < * >

ЕСКЕРТУ. 8-тармақтың күші тоқтатылды - ҚР Пр-нің 1996.12.31. N 3309 жарлығымен .

9. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 6 желтоқсандағы

N 1492 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасынан экспортталатын, жүзеге асырылған экспорттық контрактілердің ішінара тәуелсіз инспекциясы жүргізілетін тауарлардың

ТІЗБЕСІ

Тауардың атауы	СЭҚ ТН коды
Бидай (барлық түрі)	1001
А р п а	1003
К ү р і ш	1006

Мүйізді ірі қараның немесе жылқы	
тақылеттес жануарлардың терісі	4101
Қойдың немесе қозының терісі	4102
Биязы жүн (меринос, меринос емес, жуылған және жуылмаған), жартылай биязы, жартылай қылшықты, қылшық жүндер	5101
ануарлардың түктері (жіңішке, қатты) ангор қоянының, түйенің, ангор ешкісінің	5102
Талшықты-мақта	5201, 5203
Мақта қалдықтары (шиті)	5202